



Мәдениет



АБАЙ ЕЛІНДЕГІ АҚТӨБЕНІҢ КҮНДЕРІ

Семейде өткен Ақтөбе облысының мәдениет күндері аясында өңірден барған делегация Жидебайдағы «Абай-Шәкәрім» кесенесінде болып, ұлылар рухына тағзым етті. «Алтын бесік Ақтөбеде – Ұлы Абайға құрмет» атты гала-концерт ұйымдастырылып, тақырыптық көрме ұсынылды. Сондай-ақ «Абайға құрмет» акциясы аясында Ақтөбе облысының Семейге тарту өткен Жекпе-жек сарайының жобасы таныстырылды.

Семей өңіріне облыс әкімі Асхат Шахаров бастаған, құрамында облыс әкімінің орынбасары Асылбек Есенбаев, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, ішкі саясат және мәдениет басқармаларының басшылары мен шығармашылық ұжымдары бар делегация барды.

Асхат Шахаров Абай облысының әкімі Берік Уәлимен бірге Жидебайдағы «Абай-Шәкәрім» кесенесін аралап, ұлылар рухына тағзым етті. Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалды музей-қорығына қарасты Абай музей-үйіндегі құнды жәдігерлермен танысты.

Бұдан кейін қос облыстың басшылары Абай атындағы театрда өткен «Алтын бесік Ақтөбеде – Ұлы Абайға құрмет» атты концертке қатысты.

Берік Уәли Ақтөбе өңірінен барған делегацияны таныстырып, облыс әкімі Асхат Шахаровқа Абай облысының жұртшылығы атынан алғысын жеткізді.

— Ақтөбе өңірі мен Абай облысын байланыстыратын тарихи оқиғалар мен рухани байланыс көп. Ақтөбенің Абай облысындағы мәдени күндері — ұлы даланың қос қырын жайлаған екі өңірдің терең тамырластығы мен бауырластығын айғақтайтын мәдениет мерекесі. Ақтөбе мен Абай — еліміздің

өнерге құштар, білімге іңкер екі өлкесі, тарихи байланысы ежелден тығыз өңірлер. Бүгін өңірімізге үлкен делегациямен өнерпаздар, зиялы қауым өкілдері арнайы келіп отыр. Бұл өңір аралық рухани-мәдени байланысты нығайтып, бізді бауырластыра, жақындастыра түседі деп ойлаймын. Сондай-ақ қадірлі қонақтарымыз Мемлекет басшысының бастамасымен, Үкіметтің арнайы қаулысымен жүзеге асырылған «Абайға құрмет» акциясы аясында Жекпе-жек сарайының іргесін қалап, ерекше қуанып отырмыз. Аумағы 7000 шаршы метр болатын спорт кешені 900 көрерменді бір мезетте қабылдай алады. Өңірмізде үлкен халықаралық жарыстар өткізуге мүмкіндік беретін бірегей нысан болмақ. Бұл аумақта 9 мектеп бар. Яғни осы шағын аудандағы балалардың спортпен айналысуына Ақтөбе облысы мүмкіндік туғызатын болады, — деді Берік Уәли.

Облыс әкімі Асхат Шахаров өз сөзінде бұл сапардың екі өңірдің ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеретінін атап өтті.

— Ең алдымен, 2 мыңнан астам шақырым қашықтықта жатқан алтын бесік — Ақтөбе өңірінің, Ақтөбе халқының ыстық сәлемін жеткізіміз келеді. Семей теріндегі басқосу — өткенге құрмет,



бүгінге сәрт, келешекке аманат. Құнанбайдай дара, Абайдай алып, Шәкәрімдей кемеңгер, басқа да қазақтың тарихи тұлғаларын дүниеге әкелген киелі өңірге тағзым ету — әрбір қазақ үшін парыз. Бұл — ұлт руханиятының теміржолы, елдік пен ерліктің, парасат пен даналықтың алтын бесігі. Өңірлермізді ортақ рух, ортақ құндылық, ортақ мақсат біріктіріп тұр. Бүгіндей шаралар арқылы біз екі облыс арасындағы мәдени, рухани байланысты одан әрі нығайта береміз, — деді ол.

Концертте Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармония артистері, А.Жұбанов атындағы қазақ халық аспаптары оркестрі, «Аққу» би ансамблі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қазанғап-



танушы Жайлау Асылханов, мәдениет саласының үздігі Манзура Сапарова, халықаралық конкурстардың лауреаты Дінмұхамед Көшкінбаев, республикалық байқаулардың жүлдегерлері Нұрлан Әбдібеков, Ақбота Қоянбайқызы, Серік Жұбатқан, Құрманғазы Асылханов, т.б. өңшілер өнер көрсетті.

Гала-концерт барысында жұртшылық Абай атындағы қазақ музыкалық драма театрында «Ақтөбе өңірінің тарихи мұралары» атты тақырыптық көрмені тамашалады. Көрмеге облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорынан 300-ге жуық құнды

700 шаршы метр. Жекпе-жек сарайы 2 қабаттан тұрады. 900-ге жуық көрерменге арналған ғимаратта негізгі, күрес, бокс, кіші және жаттығу залдары болады. Жоба жүзеге асқанда кәсіби және бұқаралық спорт серпін алып, бокс, күрес, дзюдо, таэквондо, самбо сияқты жекпе-жек түрлері бойынша спортшылар дайындауға жол ашылады.

Құрылыс алаңында Асхат Шахаров Берік Уәлимен бірге өңірдің жас спортшыларымен кездесіп, олармен пікір алмасты. Семейде салынатын Жекпе-жек сарайы спорттан шұғылдануға жағдай жасап, жас таланттардың шыңдалуына үлкен мүмкіндік беретінін атап өтті.

— Президенттің тапсырмасы бойынша сіздерге Жекпе-жек сарайын салып береміз. «Абайға құрмет» акциясы аясында заманауи спорт ғимараты бой көтереді. Бүгін Ақтөбе делегациясы арнайы келіп, спорт нысанының жер учаскесін белгілеп, әріптесімізбен осы мәселені егжей-тегжей талқылап, бастапқы құрылыс-монтаж жұмысын бастап жатырмыз. Бір жарым жылдың ішінде аяқтаймыз деген жоспарымыз бар. Бұл спорт сарайы өскелең ұрпақтың спортпен айналысуына мүмкіндік береді, — деді облыс әкімі.

Абай облысының әкімі Берік Уәли Асхат Шахаровқа акцияға қолдау білдіріп, Семей қаласында Жекпе-жек сарайын салып беру үшін арнайы делегация жасақтап келгені үшін облыс жұртшылығы атынан алғысын жеткізді.

— Ақтөбе облысының бұл игі бастамасы — өңіраралық ынтымақтастықтың айқын көрінісі. Бұл — біздің қаламызға, оның ішінде шағын ауданға өте қажет спорт кешені. Халықаралық стандарттарға сай келетін спорт сарайы спортшылардың кәсіби дайындық жүрегіне, оқу-жаттығу процесін ұйымдастыруға және жоғары деңгейдегі жарыс өткізуге толық мүмкіндік береді. Бұл — ақтөбеліктердің Абай еліне үлкен тартуы. Президентіміздің «Абайға құрмет» акциясы аясында құрылысы басталып жатқан алғашқы нысанның бірі. Барша Абай елінің атынан шынайы ризашылығымызды білдіреміз, — деді Берік Уәли.

Д.АЙДАР.

ЭКОФЕСТИВАЛЬ: ҚАМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК



Ақтөбеде өткен «Таза Қазақстан – таза болашақ» облыстық экофестивалі 1500 қатысушының басын қосты. Аталған іс-шара «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған №80 орта мектеп базасында ұйымдастырылды.

Экофестивальға қатысқан облыс әкімі Асхат Шахаров экологиялық мәдениетті ерте жастан қалыптастыру маңызды екенін айтып, мұндай бастамалар жастарды табиғатқа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелейтінін жеткізді.

Өңір басшысы екі жыл бұрын Мемлекет басшысының бастамасымен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы іске қосылғанын, бүгінде бұл бастама ел аймақтарында кең қолдау тауып, оның ішінде Ақтөбе облысында белсенді жүзеге асырылып келе жатқанын айтты.

— «Таза Қазақстан» акциясы өзекті экологиялық мәселелер — аумақтарды тазалау, көгалдандыру және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Тазалық әрқайсысымыздан басталады және күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі болуға тиіс.

Фестивальде ұсынылған жобалар қатысушылардың жоғары дайындық деңгейін және шынайы қызығушылығын көрсетті. «Жасыл балабақша», «Жасыл мектеп», «Жасыл колледж» сияқты бастамалар экологиялық тәрбиенің білім беру

жүйесінің маңызды бөлігіне айналуда, оған сіздер дәлелсіздер. Әсіресе жастардың белсенділігі қуантады. Сіздердің бастамаларыңыз бен жобаларыңыз ел болашағын ойлайтын ұрпақтың өсіп жатқанын көрсетеді, — деді облыс әкімі.

Экофестиваль бағдарламасы аясында қонақтар бірқатар маңызды жобамен танысты. Балабақшалар, мектептер және колледждер ұсынған бастамалар білім берудің барлық деңгейінде экологиялық тәрбиенің сабақтастығын танытты. Әсіресе экожобалар көрмесі мен «ЭКО-ART» жас суретшілер экспозициясы үлкен қызығушылық тудырып, онда шығармашылық арқылы өзекті экологиялық мәселе көтерілді.

Іс-шараның жарқын сәттерінің бірі «Күн нұрынан туған жасыл өлем» тақырыбындағы флеш-моб болды. Флеш-моб барысында алғаш рет «Таза Қазақстан» акциясына арналған гимн орындалды.

Сондай-ақ өңір басшысы оқушылармен, білім саласының ардагерлері және облыстық, қалалық мәслихат депутаттарымен бірге №80 орта мектеп ауласына ағаш көшеттерін екті.

Айта кетейік, өңірде облыс әкімінің бастамасымен «Мектеп орманшылығы» жобасы белсенді жүзеге асырылуда. Оның аясында оқушылар көшет егіп, оларды күтіп-баптайды, осылайша экологиялық тәрбиені тәжірибе жүзінде меңгеріп, табиғатқа деген қамқорлықты ерте жастан қалыптастырады. Сондай-ақ экологиялық тәрбие облыс балабақшаларынан басталады, онда балаларға қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау ерте жастан үйретіледі.

Өз тілшіміз.

Құрылыс



МӘРТӨКТЕ ӨНЕР МЕКТЕБІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Жаңа нысанға Қамбар Медетов атындағы өнер мектебінің оқушылары көшіріледі. Өйткені мәртөктік өнерлі балалар бүгінге дейін 1942 жылы салынған, уақыт талабына сай келмейтін ескі ғимаратта қосымша білім алып келді.

Мемлекет басшысының ауылдарға жағдай жасау, дарынды жастарды қолдау, олардың қарым-қабілетін ашу, ауыл балаларын жан-жақты демеу туралы тапсырмаларын іске асыруда және облыс әкімінің тікелей қадағалауымен Мәртөк ауданының орталығында заманауи ғимарат пайдалануға берілді.

Бүгінде өнер мектебінде 382 оқушы білім алып жатыр. Өнер ордасында «Актерлік шеберлік», «Бейнелеу өнері», «Графикалық



дизайн», «Киім дизайны», «Хореография», «Өн жан хор», «Оркестрлік» және тағы да басқа үйірмелерге арналған оқу кабинеттері, 180 орынға арналған акт залы бар. Олар жаңа жиһаздар-

мен, заманауи музыкалық аспаптармен қамтылған. Кітапханадағы кітап қоры да толықтырылды. Бұл оқушылардың сапалы білім алуына, шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

— Төрт жылдан бері «Актерлік шеберлік» үйірмесіне қатысып келемін. Қамбар Медетов атындағы өнер мектебі енді бұрынғысынан да үлкен, жаңа, әдемі. Барлық жағдай жасалған. Бізге керемет мүмкіндіктерге жол ашылып отыр. Ауыл балаларына осындай керемет жағдай жасалғанына қуаныштымын және Президентімізге алғысымыз шексіз, — дейді Көркем Тұрлығұлова.

1600 шаршы метрлік екі қабатты орталық құрылысын «Бабек Құрылыс» ЖШС жүргізген.

Ғимараттың ашылу салтанатында мектеп басшылығына кілт табысталып, Мәртөк ауданының әкімі Медеет Ысқақов, облыстық білім басқармасының басшысы

Бұлбұл Күзембаева және сала ардагерлері оқушыларға жаңа жетістіктер тіледі. Сондай-ақ нысан айналдасына ағаш көшеттерін екті.

Д.ҚАЗИХАН.

ОЙЫЛДАҒЫ СЕНБІЛІК

Ауданда «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында кезекті сенбілік өтті.



Аудан аумағының санитарлық тазалығын сақтау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және тұрғындардың қоршаған ортаға жауапкершілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған сенбілікте полигон аумағында ауқымды тазалық жұмыстары жүргізіліп, тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстар жиналды. Сенбілікке мекеме басшылары мен қызметкерлері, әр сала мамандары, тұрғындар — барлығы 110 адам қатысты. Сонымен қатар 2 арнайы техника жұмылдырылып, қоқыс

тиеу және шығару жұмыстары ұйымдастырылды. Сенбілік нәтижесінде 10 тоннаға жуық тұрмыстық қалдық арнайы белгіленген орындарға шығарылды.

Ойыл ауылдық округінің әкімдігі мұндай экологиялық акциялар алдағы уақытта да жалғасатынын айтып, тұрғындарды туған жердің тазалығын сақтауға белсенді атсалысуға шақырды.

Г.АБАЙҚЫЗЫ,
Ойыл ауданы.

Таза Қазақстан

ЖАЛПЫЛТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Ақтөбе өнеркәсіптік технологиялар колледжі оқушыларымен «Жастарға кеңес» жобасы аясында кездесу өтті. Оған құқық қорғау саласының өкілдері, облыстық жастар ресурстық орталығының мамандары және белсенді жастар қатысты.

Ақтөбе өнеркәсіптік технологиялар колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұрлан Жақсылықұлының айтуынша, тәрбие мен тәртіпті ескеңе ұрпақтың бойына сіңіру — қоғамның басты міндеті.

— Колледжде 7 мамандық бойынша 581 оқушы білім алып жүр. Олардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында түрлі спорт сайысын өткіземіз. Мақсат — құқықбұзушылықтың алдын алу. Жуырда «Колледж барысы-2026» сайысын ұйымдастырдық. Оған ювеналды полицияның есебінде тұрған жасөспірімдер қатысты. Олар бұған дейін колледжілік са-

ЖАСТАРҒА КЕҢЕС БЕРДІ



йыста жеңіске жетіп, облыстық сайысқа іріктелген болатын. Тартысты додаға қаламыздағы арнайы орта оқу орындарынан 16 команда қатысып, өзара сынға түсті. Осындай шара арқылы кемелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алып, оқушылардың құмар ойындардан аулақ болуын қадағалаймыз. Жалпы құмар ойын отбасының құлдырауына өкеледі. Сондықтан салауатты өмір салтын ұстап, спортпен шұғылдану денсаулығымызды нығайтады. Ең бастысы, бос уақытын спортпен өткізетін жеткіншек бойын зиянды әдеттен аулақ ұстайды, — дейді ол.

Іс-шара барысында қонақтар оқушылармен ашық әңгімелесіп, құқықтық мәдениеттің қалыптасуы, тәртіп пен адамгершілік ұстанымдарының қоғамдағы рөлі жөнінде өзара пікір алмасты. Жиында IBF Азия чемпионы Айдос Тастаев, облыстық жастар орталығының маманы Азамат Қазбайұлы, №2 қалалық полиция бөлімінің жастар ісі жөніндегі полиция инспекторы Бекет Қожабеков және «Jas Ota» жастар қанаты облыстық филиалының жетекшісі Жоламан Асанұлы сөз сөйлеп, қоғамдық тәртіпті сақтаудың маңызын түсіндірді.

— Әрбір жауапты орман, ата-ана, оқушылар жасөспірімдер қылмысының алдын алуға жіті назар аударуы

керек. Жасөспірімді дұрыс тәрбиелеу — қоғамның әрбір мүшесіне ортақ іс екенін естен шығармайық. Алдағы уақытта облыстық жастар ресурстық орталығының мамандары полиция қызметкерлерімен бірлескен түнгі рейдпен қатар, күнделікті ақпараттық-түсіндірме жұмысын ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Мұндай кездесулер жастардың құқықтық сана-сезімін арттырып, құқықбұзушылықтың алдын алуға септігін тиісіндей, — дейді Азамат Қазбайұлы.

Кездесу соңында оқушылар спикерлерге құқықтық сауатты арттыру бойынша сұрақ қойып, мамандардан нақты кеңес алды.

Ақмарал МҰҚАШЕВА.

Ахмет Жұбанов — 120

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ӨЗЕГІ

Ұлттық кітап күніне орай «Qazaq Classic: Жаңа тыныс» атты әдеби-сазды кеш өтті. «Ғылым. Өнер. Мұра» жобасы аясында ұйымдастырылған бұл рухани кеш қазақ музыка мәдениетінің көрнекті өкілі, композитор әрі ғалым Ахмет Жұбановтың 120 жылдық мерейтойына, сондай-ақ Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, профессор Ажар Ахметқызының 85 жылдығына арналды.

Кешке Ембі қалалық көпсалалы колледжі мен №4, №7 орта мектеп оқушылары, сондай-ақ кітапхана қызметкерлері қатысты.

Әдеби-сазды кештің шымылдығын Ембі қалалық мәдениет орталығы жанынан құрылған «Қарлығаш» вокалдық тобы ашып, қазақ музыка өнерінің көрнекті тұлғасы Ахмет Жұбановтың жүрекке жылы тиетін «Қарлығаш» әнін орындады. Ал халықтық ұлт аспаптары ансамблінің жетекшісі Мырзағали Рахманов композитордың «Би» күйін нақышына келтіре шертті.

Кітапхана тарапынан ұйымдастырылған кешті өткізудегі мақсат — қазақ кәсіби музыкасының негізін қалаушы Ахмет Жұбановтың өмірі мен шығармашылығын кеңінен насихаттау,

жас ұрпаққа ұлттық аспаптық музыканың маңызын ұғындыру, сондай-ақ Жұбановтар әулетінің ғылым мен өнерге қосқан өлшеусіз үлесін дәріптеу.

Жоба аясында ұйымдастырылған мүшәйрада жас таланттар «Сен бір тұлға», «Жұбановтар әулеті», «Жұбановтар мұрасы» туындыларын мөнерлеп оқып, көрермен ықыласына бөленді. Сонымен қатар «Қазақ музыкасының тарланы — Ахмет Жұбанов» атты кітап көрмесі жасақталып, библиографиялық шолу ұсынылды.

Баян ҚОНАЕВА,
Ембі қалалық кітапханасының кітапханашысы.



1. Жобаның атауы: «Ақжол кен орнын игеру жобасына» ықтимал әсерлер туралы есеп.

2. Ықпал ету аумағы: Учаске аумағының географиялық координаталары: 1) 47°46'52.00" с.е. 57°10'25.00" ш.б.; 2) 47°29'53.00" с.е. 56°50'39.00" ш.б.; 3) 47°19'59.00" с.е. 56°50'41.00" ш.б.; 4) 47°20'0.00" с.е. 57°13'15.00" ш.б.; 5) 47°30'0.00" с.е. 57°13'17.00" ш.б.; 6) 47°40'0.00" с.е. 57°20'0.00" ш.б.; 7) 47°49'40.00" с.е. 57°34'42.00" ш.б.; 8) 47°51'20.00" с.е. 57°34'52.00" ш.б.; 9) 47°43'29.00" с.е. 57°24'3.00" ш.б.; 10) 47°47'15.00" с.е. 57°24'30.00" ш.б.; 11) 47°47'58.00" с.е. 57°23'14.00" ш.б.; 12) 47°43'16.00" с.е. 57°16'39.00" ш.б.; 13) 47°46'16.00" с.е. 57°11'28.00" ш.б. Жобалау жұмыстары Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы (47°19'00" с.е. 56°44'00" ш.б.) аумағында жүргізілетін болады.

3. Қоғамдық тыңдау: 2026 жылғы 29 мамыр сағат 10.00-де Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жаңақол а. о., Оймауыт а., н. Достық к-сі, 22. (ауылдық округ әкімдігінің ғимараты) мекенжайы бойынша ашық жиналыс түрінде өтеді.

Интернеттегі байланыс сілтемесі:
<https://us06web.zoom.us/j/81309533785?pwd=yWQgJ5p2GYJBe7W6qbOTIuWo4FHfQ.1>

Конференция идентификаторы: 813 0953 3785.

Кіру коды: 048931.

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, БСН 931240001060, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, 312 Атқыштар дивизиясы даңғылы, 3, Байланыс: ұялы +7 (777) 808-12-22; e-mail: dyaisen1971@mail.ru.

5. Өзіндік: «Timal Consulting Group» ЖШС, БСН: 080440002381. Өкілі: Гүлнар Телеуішова. Тел.: +7(7122)30-45-55 ішкі. 219, ұялы. 8-708-536-18-25 e-mail: Toleuishova.G@timal.kz

6. Жоба материалдары сайтта орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk>

7. Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекенжайлар бойынша қабылданады: «Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Өбілқайыр хан даңғылы, 40, тел: 8(7132)55-09-30, электронды мекенжай: expert_oos@mail.ru, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk>

8. Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты: Атырау қаласы, Нұрсая ш/а, Елорда даңғылы, 33-құрылым мекенжайы мен телефон нөмірі бойынша білуге болады: Тел: 8(7122)30-45-55 ішкі.219 e-mail: Toleuishova.G@timal.kz.

1. Жобаның атауы: Экологиялық әсер ету рұқсатын алуға арналған материалдар: Ақжол кен орнындағы ұңғымаларды консервациядан шығару арналған топтық техникалық жобаға қоршаған ортаны қорғау бөлімі; Ақжол кен орнында РШН,ҚББ,ӨЭБ,ТҚЖ.

2. Ықпал ету аумағы: Учаске аумағының географиялық координаталары: 1) 47°46'52.00" с.е. 57°10'25.00" ш.б.; 2) 47°29'53.00" с.е. 56°50'39.00" ш.б.; 3) 47°19'59.00" с.е. 56°50'41.00" ш.б.; 4) 47°20'0.00" с.е. 57°13'15.00" ш.б.; 5) 47°30'0.00" с.е. 57°13'17.00" ш.б.; 6) 47°40'0.00" с.е. 57°20'0.00" ш.б.; 7) 47°49'40.00" с.е. 57°34'42.00" ш.б.; 8) 47°51'20.00" с.е. 57°34'52.00" ш.б.; 9) 47°43'29.00" с.е. 57°24'3.00" ш.б.; 10) 47°47'15.00" с.е. 57°24'30.00" ш.б.; 11) 47°47'58.00" с.е. 57°23'14.00" ш.б.; 12) 47°43'16.00" с.е. 57°16'39.00" ш.б.; 13) 47°46'16.00" с.е. 57°11'28.00" ш.б.

Жобалау жұмыстары Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы (47°19'00" с.е. 56°44'00" ш.б.) аумағында жүргізілетін болады.

3. Қоғамдық тыңдау: 2026 жылғы 29 мамыр сағат 11.00-де Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жаңақол а. о., Оймауыт а., н. Достық к-сі, 22. (ауылдық округ әкімдігінің ғимараты) мекенжайы бойынша ашық жиналыстар түрінде өтеді.

Интернеттегі байланыс сілтемесі:
<https://us06web.zoom.us/j/87345427464?pwd=xuNDmiAuNqMtWl97b31TtCkgSzCH5.1>

Конференция идентификаторы: 873 4542 7464.

Кіру коды: 220323.

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, БСН 931240001060, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, 312 Атқыштар дивизиясы даңғылы, 3, Байланыс: ұялы +7 (777) 808-12-22; e-mail: dyaisen1971@mail.ru.

5. Өзіндік: «Timal Consulting Group» ЖШС, БСН: 080440002381. Өкілі: Гүлнар Телеуішова. Тел.: +7(7122)30-45-55 ішкі. 219, ұялы. 8-708-536-18-25 e-mail: Toleuishova.G@timal.kz.

6. Жоба материалдары сайтта орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk>

7. Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекенжайлар бойынша қабылданады: «Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Өбілқайыр хан даңғылы, 40, тел: 8(7132)55-09-30, электронды мекенжай: expert_oos@mail.ru, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk>

8. Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты: Атырау қаласы, Нұрсая ш/а, Елорда даңғылы, 33-құрылым мекенжайы мен телефон нөмірі бойынша білуге болады: 8(7122)30-45-55 ішкі.219 e-mail: Toleuishova.G@timal.kz.

«АҚТӨБЕ ЖЭО» АҚ

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 73-бабы талаптарына сәйкес «Өнімділігі 160 т/сағ ст. №12 бу қазандығын салу» жұмыс жобасына арналған ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша экологиялық құжаттама материалдарына қатысты қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы. Координаттары: солтүстік ендік 50°20'8.74" шығыс бойлығы 57° 8'27.98".

Қоғамдық тыңдау:

2026 жылғы 28 мамыр, сағат 14:00-де келесі мекенжайда өтеді: Ақтөбе қ., 312-атқыштар дивизиясы даңғылы, 60 (Техникалық басқарма, акт залы, 2-қабат, №1 бекет кіреберіс, АЗФ жағындағы КПП) (офлайн) өтеді.

Әсер етуі мүмкін өкімшілік-аумақтық бірлік және қоғамдық тыңдау өтетін орын: Ақтөбе қаласы.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы:

«Ақтөбе ЖЭО» АҚ, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., 312-атқыштар дивизиясы даңғылы, 60, БСН: 060640001842, e-mail: office@aktobetec.kz, тел: 8-7132-260-021.

Жобалық құжаттама өзірлеуші: «Зеленый мост» ЖШС, Астана қ., Тұран даңғылы, 59/2, НП 12, тел.: +7 (7172) 98-68-07, БСН: 130340015103, e-mail: miheenko@green-bridge.kz.

Қоғамдық тыңдау барысында бейнеконференция арқылы онлайн қосылу Zoom платформасы арқылы жүзеге асырылады.

Ақтөбе қаласында 2026 жылғы 28 мамырдағы қоғамдық тыңдауға қосылу сілтемесі:

<https://us06web.zoom.us/j/7150968585?pwd=rmXkrPrOPbIfObWQWzHEXmCRrCxOE.1&omn=84005962357>

Конференция идентификаторы: 715 096 8585.

Қатысу коды: 12aGai.

Қоғамдық тыңдау материалымен келесі сайтта танысуға болады: <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. Жоспарланып отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты мына байланыс телефоны арқылы алуға болады: 8-705-101-00-12, e-mail: miheenko@green-bridge.kz.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей келесі сайтта (<https://hearings.ndbecology.gov.kz>), сондай-ақ «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайы бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Өбілқайыр хан даңғылы, 40, тел.: 8 (7132) 55-09-30, e-mail: aktobe.uprrp@yandex.kz.

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі:
«АҚТӨБЕ МЕДИА»
ЖШС

Газет 1974 жылы «Күрмет белгісі»
орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70УР00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың бірінші орынбасары
Жаңағұл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

Бас редактордың орынбасары
Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Арайлым НҰРБАЕВА

Тілшілер Мейрамгүл САТАЕВА,
Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЗКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Қамшат ҚОПАЕВА,
Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер
Индирә ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші
Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА, Әсел НОГУМАНОВА

Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректор
Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспахананың мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды

Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау белмесі: 90-71-61.
Сайт: www.aktobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 12257 Тапсырыс №527

Немірдің кезекші редакторы
Айбек Тасқалиев